

УДК 130.2

ҰЛТТЫҚ КОДҚА ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТИГІЗЕР ҮҚПАЛЫ

Аралбай Сәкен Мендуллаұлы
saken_aralbai@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мәдениеттану
мамандығының 1 курс докторанты
Ғылыми жетекші – F.T. Телебаев

Жалпы демократия көпшілікке танымал ұғым болғанымен мазмұны кең ауқымда талдауды қажет ететін түсінік. Демократия өзінің «демос»-халық, «кратос» - билік деген қысқа мағынасындағы арнасынан әлдеқайда кең мағынаны білдіреді. Демократия құндылықтарын ұстанып, сонымен қатар өзге елдерге ұлгі болғысы келіп отырған Америка және бірқатар Батыс елдері демократияның пайдасымен қатар, зардабында тартып жатыр деуге болады. Яғни, қазіргі батыс елдеріндегі көптеген құндылықтар жалпы адамзат ұстанған ортақ құндылықтардың кейбір ұстанымдарын, кейде толығымен терістеп қана қоймай, адамзаттың ойлау мәдениетіне, болмысына жат құндылықтарды ұсынуда. Мысалы: гендерлік қозарастар туралы ойлардың бір арнаға тоғыспауы, жергілікті құндылықтарға үрей мен мәселе тудыруда. Жалпы демократия сөзі грек елінен шыққанымен, бұл ұғым өзінің дамуы барысында әртүрлі, сан алуан мағыналар мен мазмұндарға ие болды. Тікелей мағынасы ол – халықтың билікті өз бақылауына алу, яғни бір сөзben айтқанда билікті бағу. Бірақ билікті бағу ақиқатты бағумен салыстырғанда жеңілірек болғанымен, тобыр халыққа, көпшілікке ол өте қынға соғады. Осы арада Хәкім Абайдың, яғни «халық деген көп, көpte ес жоқ, ебін тапта жөнге сал» деген ойы осыны мензесе керек. Ол үшін элита, оның ішінде билікке тікелей ықпалы бар саяси элита өте көреген, ақылға қарық болмасада ақылдыларды тындайтын қасиетке ие, әрдайым әділдікті ең жоғары құндылық ретінде бағалап отыратын заманның талабы мен сұранысына сай азаматтары болу қажет. Осы арада ұлттық кодтың қаншалықты сақталуына және демократия құндылықтарына байланысты жаңадан жол табуына, соған сай бұқара халықты тәрбиелеуге, жол көрсетуге саяси элитаның жауапкершілігі өте зор болмақ. Соңдықтанда бұл мақалада ұлттық код ұғымына тоқтала отырып, демократия құндылықтарының арасындағы ой мен тәжірибелінің басын біріктіріп және қажеттілікке байланысты қолайлы идеяларды жаңғыртып, жүзеге асыруға әртүрлі әдістерді кеңінен пайдаланып отыратын саяси элита жауапкершілігіне тоқталамыз.

Ұлттық кодтың қайнар көзі ол – мәдениет болғандықтан, кейде әдебиеттерде ұлттық мәдени код депте қарастырылады. Ұлттық мәдени кодты Американ психоаналитигі Клотер Рапай «Мәдени код» атты кітабында былай деп жазады: «Мәдени код – бұл санадан тыс орын алатын мәдениет. Ол біздің санамыздағы қандайда бір ұғымдармен байланыста орын алып, белгілі бір бейнелердің жиынтығын анықтайды. Оны біз сөзben айтып немесе оймен өрнектеп жеткізуге дәрменсіз, бірақ біздің әрбір әрекетіміз бен мінез-құлыштарымыздан байқалып тұратын тылсым құбылыс. Бұл бейнелердің мәнінің басқа мәдениеттерден кездестіру мүмкін емес» [1, 64 бет]. Ресей филологы В.Н. Телияның көзқарасынша: «Мәдени код – мәтіндердің жіктелу субстраты ретінде орын алады. Бұл субстрат таңғажайып дүние туралы социумның мәдениеттендірілген көріністер жиынтығын ұсынады, ал олардың қатарына киелі табиғат нысандарды, жәдігерлерді, құбылыстарды, таптаурын ойлар мен мәндерді жатқызып, олардың кеңістік пен уақыт немесе сан мен сапалық өлшемдеріндегі өзіне тән қасиеттерін айтуға болады» [2, 20 бет]. Сонымен қатар ұлттық кодтың қоғам өміріндегі алар мәніне байланысты Ресей ғалымы, филолог В.В. Красных мынадай анықтама береді: «Мәдени код ол – тор тәрізді, яғни мәдениет қоршаған ортаға «тасталып» оны ұсақтап, соған сай өз

категориялары мен құрылымдарын қалыптастырып бойына сіңіріп отырады» [3, 5 бет]. Осы ойларға сүйене отырып, ұлттық кодқа анықтама берер болсақ, бұл тамыры теренде жатырған емен ағашын көз алдына елестетін құбылыс. Ұлттық код сол ұлттың рухани болмысының жүйелі даму үдерісіндегі құндылықтарына мән-мағына беріп отыратын мәдениеттің мәйегі. Мәйегін жоғалтқан құндылықтар салмағы жоқ қаңбақ тәрізді, жел қайдан соқса сол бағытқа домалай салатын. Ұлттық кодқа сол ұлттың кез келген яғни, тарихи және өркениетке үмттылу барысында қажеттілікке байланысты туындаған және жаңадан қалыптасқан мәдени құндылықтарын жатқызуға болады. Кейбір ойшылдар адамдардың физиологиялық және биологиялық ерекшеліктеріненде ұлттық кодтың нышандарын көруге болатындығын айтады. Бұған екі жақты қөзқараста қарау керек деп ойлаймын.

Біріншіден, физиологиялық және биологиялық ерекшеліктермен ұлтқа анықтама беру, ол арқылы ұлттық кодтың мәнін ашу ол жалпы адамзатқа ортақ қасиеттерді біржақтылықпен қарап, оларды сынға алу. Ал ұлттық код жалпы адамзатқа ортақ, кез келген ұлттың бойынан табылатын ұлттық болмысына тән қасиет. Фалымдар ұлттық кодтың сақталуы мен дамуындағы құбылмалы құбылыстарын айқындал, оған әртүрлі шаралар қарастырып және оны көздің қарашығында сақтау мақсатында жаңа идеялар мен ой-пікірлер айтуы мүмкін. Бірақ оның тамырын бойлап өзегіне жету, ұлттық кодты жою оңайлықпен болатын дүние емес. Олай болатын себебі, ұлттық код ол сол ұлттың мәдени құндылықтарының тұстасығы. Бірі жойылғанмен екіншісі оның орның толықтырып, бейімдеп отыруы мүмкін. Бірақ ұлтпен бірге жойылатындығы сөзсіз.

Екіншіден, ұлттық кодтың қалыптасуында физиологиялық және биологиялық алғышарттар экономика тұрғысынан басымдықтар көрсетуі мүмкін (мысалы: неміс, жапон, еврей халықтарының соғыстан кейінгі экономикасының қарқындал өсуі), бірақ әлеуметтік қатынастарда, әртүрлі әдістерді пайдалану арқылы тәрбиелеуде ешбір басымдық таныта алмайды (мысалы: африка текстес нәсілдердің америка еліндегі әлеуметтену деңгейі).

Демократиялық құндылықтар ұлттық кодтың сақталуына және қоғам талабына сай дамуына өз ықпалын тигізірі сөзсіз. Себебі, демократия құндылығының басты қуралы әрине, ол – еркіндік. Еркіндік арқылы мультимендениетті қалыптастыру және ұлттық бірегейлікті сипаттау. Кез келген саладағы еркіндік ол демократияның басты ұстанымы болмақ, мысалы: экономиканың дамуы үшін экономикадағы еркіндік, яғни сұраныс бар жерде оны қанағаттандыру бар. Оны мемлекет тарапынан мүмкіндігінше заң талптарымен реттеп отырмаса, ол ұлттық болмысқа, оның басты көзі ұлттық экономикаға кері әсерін тигізуі сөзсіз. Саясаттада солай, сонау сөз бостандығынан бастап, әрбір жеке тұлғаның сол қоғамда орын алып отырған саяси жүйеге деген еркіндікті арқау ете отырып жеке көзқарасы қалыптаспай, «көп айтса көндінің» керіміне салып, еңжарлық танытып, өз еркін толық бағалай алмаса ондай саяси ұстанымдарда қоғамның дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін. Мәдениет саласында да жеке индивидтің талғамы және сол талғамға шабыт берер еркіндігі ең басты орында тұрмаса, саяси билік мемлекеттің барлық тетіктерін өз уысына ұстап, мәдениет пен шығармашылықтың сұранысын мүмкіндігінше қанағаттандырмаган болса, онда ол қоғамның рухан саласы көзбояушы ұрандармен ғана шектеліп, ойлау мәдениеті кеңжелеп қалуы сөзсіз. Жоғарыда айтылған қарапайым бұл институттардың дамуы тікелей демократиядағы ең басты құндылық еркіндікке келіп тіреледі. Бірақ шектен тыс еркіндік бар жерде мәдени құндылықтар ол субмәдениет деңгейінде ғана орын алады. Ол үшін мемлекет тарапынан үздіксіз қаржылық қолдаулар орын алып, әлсіреген тұстарын жасанды жолмен толықтырып отыру қажет. Мысалы, ұлттық кодты сақтаудағы ең басты қажеттілік ол – тіл болса, тілдің деңгейі қоғам сұранысын толық қанағаттандырғанға дейін қаржылық және әртүрлі заңнамалармен қолдау тауып отыру керек болатын. Сондықтанда, демократиялық құндылық ұлттық кодты сақтаудағы кейбір қажетті құндылықтарға қарсы көзқарастар алып келуі мүмкін, мысалы, қай тілде сөйлеу еркіндігі ол көпшіліктің немесе жеке тұлғалардың көзқарасымен емес, мәдениет деңгейінде ой қорытып, ұлттық кодты сақтау негізінде бір жақты орын алуы қажет. Ұлттық кодты сақтауда еркіндік ол қажеттілікке айналып отыруы ол міндетті. Егер осы формууламен алға жүрер болсақ, яғни демократияны өзіміздің

сұраныстарымызға икемдей алсақ, мүмкін ұлттық код жаңа қоғам болмысына сай басқа қырынан көрінуі. Ол үшін ұлттық кодты сақтауда ең алдымен мәдени құндылықтарымызды кез келген салада жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік тұғызу керек. Ол дегеніңіз ішкен асыныздан бастап ойланған ойынызға дейінгі барлық әрекеттер.

Мультимәдениет Америка мен Батыстғ ХХІ ғасырдың басынан бастап қызығушылық танытқан мәдени саясаттағы ұстанымдарының бірі болатын. Бірақ соңғы кездері бұл үдерістің көрі ықпалын байқаған Америка мен Батыс өз ойларын басқаша бідіруде. Ұлыбритания премьер министрі Дэвид Кэмэрон мультимәдениет жөнінде өз ойын былайша білдірген болатын: «Мемлекеттің ұстанып отырған мультимәдениеттік доктринасы бойынша магистралдық бағыттағы мәдениеттен тыс әртүрлі мәдениеттердің өз алдына өмір сүруін қолдаған болатынбыз. Біз оларға сол қоғамға етепе араласудың жолын ұсынудың орнына оларға толерантты қатынас жасап, қауымдастықтарды оқшаулай бастадық, ақырында біздің құндылықтарымызға жатсына қарайтын қарама-қайшы мінез-құлықтарды тудырдық» [4]. Бұл көрі құрлық өкілдерінің үрейі болса, ал демократиялық құндылықтардың шығу көзі ретінде өздерін санайтын америка ғалымдарының болжамына тоқталсақ. Американ саясаттанушысы С. Хантингтонда «Егер бұл өркениет болмаса, онда не?» атты еңбегінде өз көзқарасын былай өрнектейді, «Бұрын АҚШ мемлекетіне қоныс аударған иммигранттар сол жерде орын алғып отырған европалық мәдениетті бойларына сінірген болса, яғни еркіндік, теңдік, индивидуализм және демократия тәрізді ұстанымдарды ең жоғары құндылық ретінде бағаласа, ал енді халықтың 50% қара насылділерге жеткен тұста еуропа мәдениеті қаншалықты өз басымдылығын көрсете алады немесе жоғалып кетеме?» [5]. Әрине, осы көзқарастарды сараптай отырып ұлттық бірегейліктің қалай болғанда да, әсіресе осындай жаһандық үдерісте алар орны өте маңызды екендігін көруге болады. Ол жөнінде ағылшын философы Э. Геллнер былай деп жазады: «Қарапайым адам мәдениетінің шекарасы оның әлемдік шекарасының ауқымы ретінде орын алғып, сол арқылы ол социум өміріне қатынас жасайды. Ол осы шекарасы арқылы қоршаған ортаға атсалысып, оған өзінің ережесін ұсынады. Егер бұл шекарарадан шығар болса ол өзін басқалардың күлкісіне айналатында сезінеді. Оның ұлттық бірегейлікті негіз еткен ең тұңғыйығында жатырған қабаты байлық, отбасы және қоғамдағы алар дәрежесімен емес, тәрбиемен ұштасқан білім өресімен анықталады. Оның ұлтжанды болуы қандайда бір атавизмге алғып келетін ұғым емес, керісінше, шынайылық пен қайталанбастықтың қайнар көзі» [6]. Бұл көзқарастарды ескере отырып, мультимәдениет пен ұлттық бірегейлікті дамытуда олардың болашақтағы болмысын ақыл таразысынан өткізіп отыру қажет. Енді ұлттық кодтқа қайта оралайық.

Жоғарыда айтылған ұлттық кодтың физиологиялық пен биологиялық ерекшеліктеріне ықпал етуші идеяларға кеңінен тоқталсақ. Мысалы, мемлекет тарапынан халықтың сүт өнімдеріне, жалпы барлық агарған өнімдеріне деген сұранысын қол жетімділікпен қамтамасыз етер болса, онда біздің психикамыз бер ойлау мәдениетіміздегі көптеген көзқарастар құрт өзгеріске түсері сөзсіз. Біздің агарғанға деген сұранысымыз негізгі ата кәсібіміз мал шаруашылығы екендігін айтқызбай-ақ ойға салып тұрады. Ал ата кәсіптен қол үзбеу ол сол мәдениеттің шығу тегіне назар аудару. Себебі, мәдени құндылықтарымыздың барлығы ата кәсіппен тығыз байланысты. Мысалы, Жапон елінің «күріш егу» ата кәсібі тәрізді. Қазіргі қаланың жаңа қазағы малдың түрін ғана айырғанымен, олардың пірін мүлдем білмейді. Кез келген әрекет ол дұрыс ойланудан және дұрыс ой тудырудан басталады. Ал ойдың басы ол ата кәсіптен және ата кәсіпке байланысты туындаған мәдени құндылықтардан. Осынша ұлан ғайыр жерді игеру осы шаруашылықтың тікелей қажеттілігін туған болатын. Ал мекен еткен кеңістіктегі шексіздік ол біздің кез келген саладағы мәдени өнерімізге, әсіресе жоғарғы тембрде ән шырқау өнерінің тууына бірден бір себеп. Әрине, бұлардың барлығы физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерімізге жатары сөзсіз, бірақ басқа ұлттың алдында бұл ерекшеліктерімізben басымдық көрсетеміз деу ол албырттық.

Ұлттық код әрбір ұлт құраушы халықта кездесетін дүние. Ол тек мәдени, рухани құндылықтарымен ғана ерекшеленіп қоймай, сол ұлттың басты қағидаттары деугеде болады.

Ол қағида орын алмаған жағдайда ұлт физиологиялық және биологиялық өмір сүруін тоқтатуы сөзсіз. Осындай ерекшелік ол қазақ халқында жеті атаға дейін некелеспеу қағидаты. Бұл жалпы адамзат баласында кездесе бермейтің ерекшелік. Бұл ерекшелікті Елбасыда өз «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» көзқарасында атап өткен болатын. Қазақ ұлтының осы дәстүрін қоғам мүшелері, кейде ғалымдар «қан тазалығы» деген түсінікке әкеп тірдейді. Бірақ бұл ойға мен мұлдем қосылмаймын, қан тазалығы ол мұлдем басқа түсінік. Себебі, бұл дәстүр физиологиялық және биологиялық ерекшелікті қалыптастырығанымен тіршілікке икемделу жағынан, қоғам талабына сай ой тудыру жағынан ешбір халықтан басымдылық танытпайды. Оған мысал ретінде Қазакстанда орын алғып отырған жемқорлық пен экономикалық еңжарлықты келтіруге болады. Бұл тақырып ерекше тоқталуды қажет ететін ауқымды ой болғандықтан, алдағы уақытта жеке тоқталамыз. Бұл жердегі ұлттық кодқа байланысты басты идея және басты себеп, ол – осы дәстүрді сақтамаса ұлттың жоғалып кету қаупі орын алады.

Демократия құндылықтарында ұлт мәселесі еркіндіктен кейінгі тұратын қажеттілік болмақ. Демократия құндылықтары жалпы адамзатқа ортақ құндылық ретінде ұлттарды ашық бәсекеге салатын, ұлттық сананың нағыз сыналатын аланын қалыптастырады. «Шегерткеден қорықкан егін екпес» деп халқымыз айтқандай, демократия құндылықтарынан бас тарту жоғарыдағы қоғамдық үдерістен кенжелеп қалу. Демократияның яғни, басқа ұлттарға сабырлық таныту, ауыз бірлікте өмір сүру, еркіндікті ең басты құндылық деп бағалап қоғамның кез келген саласында оны барынша заң шенберінде пайдалана алу тәрізді құндылықтарын жүзеге асыру, ол қоғам сұранысы. Соңдықтанда, бұл арада барлық жауапкершілік негізінен саяси элитага келіп түседі. Саяси элита ұлттық кодты сақтауға халықты мәжбүрлікпен емес, қажетті бренд ретінде ерікпен апару керек. Ол үшін кез келген мәдени құндылқтардың жүзеге асуын олар өздерінен бастау керек. Ұлттық кодты сақтаудағы маңызды мәдени құндылықтар олар бір жағынан үздіксіз жарнамалауды, екінші жағынан құрбандықты (бұл арада құрбандық деп, құндылықтарды қөзінің қараашығындағы қорғайтын, сақтайтың, сол үшін өмірін қиатын тұлғалар, саясат серкелері мысалға алынып отыр) қажет ететін үдеріс болмақ. Біз ұлт ретінде әлемнен бөлініп үмір сүре алмаймыз және олай жасау мүмкінде емес. Сонымен қатар кейбір мәдени құндылықтар, нақтырақ айтсақ дәстүрлер мен әдет ғұрыптар бұл сынға қарсы тұруы ақыкатқа жанаспайды. Осы арада Гегельдің «үлкен идеологияға, үлкен құрбандық керек» деп, айтқаныңдай құрбандықсыз ұлт мұддесі ешқашан алға баспайды. Оған дәлел ретінде ширек ғасырдан астам уақыт ішіндегі тәуелсіздіктің нәтижесін айтуға болады. Қоғамның әлеуеттік хал-ахуалын көтеруге бағытталған Елбасының әртүрлі стратегиялық экономикалық және саяси бағдарламалары тығырыққа тіреліп қала беруде. Оның себебін әрбір ғалым әртүрлі жорамалдауда. Біреулері бұл мәселені тілден, екіншілері саяси еркіндіктен, үшіншілері жемқорлықтан, сол тәрізді қыруар себептерді алға тартады. Әрине, бұл әрбір ойлардың астарында шындық жатырғанымен ақықат жалғыз. Бұл мәселенің шешіміндегі басты ақықат бәйгеге бас тігетін саяси элитаның жоқ болуынан. Өгізді де өлтірмей, арбаныда сындырмай аман алғы шығу ол екінің бірінен келе бермейтің өнер. Соңдықтанда «сегіз қырлы болу кез келген қызындықтың сегіз шешімін білу деген мағына» деп Фарифолла Есімнің айтуы өте орынды. Кез келген жағдайдан алғы шығу, мәсленің түп тамырына көрегенділікпен басқалардан бұрын ой жеткізу ол тобыр халықтың емес саясат серкелерінің міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рапай К. Культурный код: как мы живем, что покупаем и почему. /Пер. с анг. М.: Альпина Бизнес Букс, 2008. 167 с.
2. Телия В.Н. Первоочередные задачи и методологические проблемы исследования фразеологического состава языка в контексте культуры/ В.Н. Телия// Фразеология в контексте культуры. М.: Изд-во Языки русской культуры, 1999 С. 13-24.
3. Язык, сознание, коммуникация: Сб. статей/Отв. ред. В. В. Красных, А. И. Изотов. М.: МАКС Пресс, 2001. Вып. 19. 164 с.

4. The official site of the Prime Minister's Office. PM's speech at Munich Security Conference. URL: <http://www.number10.gov.uk/news/speeches-andtranscripts/2011/02/pms-speech-at-munich-security-conference-60293> (дата обращения: 26.06.2013).
5. Huntington S. The Hispanic challenge // Foreign policy. 2004. March – April. URL: <http://cyber.law.harvard.edu/blogs/gems/culturalagency1/SamuelHuntingtonTheHispanicC.pdf> (дата обращения: 26.06.2013).
6. Геллер Э. С. 166-167.